

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ПРЕМЬЕР-МИНИСТРІНІҢ
ОРЫНБАСАРЫ



ЗАМЕСТИТЕЛЬ
ПРЕМЬЕР-МИНИСТРА
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

010000, Нұр-Сұлтан қ., Үкімет үйі

010000, город Нур-Султан, Дом Правительства

№ _____

Қазақстан Республикасы
Парламенті Мәжілісінің
«Ақ жол» фракциясының
мүшелеріне

Қазақстан Республикасы
Парламенті Мәжілісінің
«Nur Otan» фракциясының
депутаты
Ә.М. Әбсеметоваға

2021 жылғы 23 маусымдағы
№ ДС-231

Құрметті депутаттар!

Сіздердің шығармашылық одақтарды қолдауға қатысты сауалыңызды қарап, мынаны хабарлаймын.

Үкіметтік емес ұйымдармен, соның ішінде шығармашылық одақтармен стратегиялық әріптестік орнату және оларға мемлекеттік грант ұсыну тәртібін жетілдіру мәселелері «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне волонтерлік қызмет, қайырымдылық, мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс және үкіметтік емес ұйымдарға арналған гранттар мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Заң жобасында (бұдан әрі – Заң жобасы) қарастырылған.

Заң жобасына сәйкес орталық мемлекеттік органдар ұлттық дамудың басымдықтарын ескере отырып, өз құзыреттерінің шеңберінде үкіметтік емес ұйымдармен стратегиялық әріптестік орнату мүмкіндігіне ие болады.

Әрбір мемлекеттік орган стратегиялық әріптесті Қазақстан Республикасының Үкіметі бекіткен қағидаларға сәйкес конкурс арқылы айқындайтын болады. Мұндай конкурстарты мемлекеттік сатып алу рәсімдерінен тыс ұйымдастыру көзделуде. Стратегиялық әріптестік үш жылға жасалынады.

Сонымен бірге Заң жобасында орталық мемлекеттік органдарға мемлекеттік грант ұсыну құзыретін ұсыну көзделіп отыр. Бүгінгі күні грант

ұсыну құзыреті Ақпарат және қоғамдық даму министрлігі мен жергілікті атқарушы органдарда ғана қарастырылған.

Қазіргі таңда Заң жобасы мүдделі мемлекеттік органдармен келісілуде. Қазақстан Республикасы Үкіметінің Заң жобалау жұмыстарының жоспарына сәйкес Заң жобасы ү.ж. қыркүйекте белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасы Парламентінің қарауына енгізіледі.

Заң жобасы қабылданғаннан кейін Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігі (бұдан әрі – Министрлік) мәдениет саласының әрбір бағыты бойынша (*кино, театр, музыка, жазушылар және т.б.*) шығармашылық одақтарға стратегиялық әріптес мәртебесін ұсынуды жоспарлап отыр.

Дәстүрлі құндылықтарды дәріптеу және еліміздің зияткерлік әлеуетін арттыру үшін ағымдағы жылғы ақпанда «Рухани жаңғыру» бағдарламасын іске асырудың жол картасы қабылданды. Жол картасында 3 бағыт бойынша 88 іс-шара қамтылған.

Бірінші – «Тұлғалық даму» бағыты аясында азаматтар арасында прагматизм мен бәсекеге қабілеттілікті дамытуды, цифрлық сауаттылықты арттыруды көздейтін 25 іс-шара жоспарланған. Осы бағыттың аясында балалар арасында кітап оқу дағдысын дамытуға екпін беріледі.

Атап айтқанда, «Ұлттық кітап оқу жылын» жариялау, «Кітап оқитын мектеп» жобасын іске асыру, әлемдік балалар әдебиетінің озық туындыларын қазақ тіліне аудару жоспарланған.

Екінші – «Ұлттық бірегейлік және халықаралық танымалдық» бағыты аясында халқымыздың салт-дәстүрі мен әдет-ғұрыптарын одан әрі жаңғырту бойынша 32 іс-шара қарастырылған. Бұл бағыттың шеңберінде балаларды қазақ тілін үйренуге ынтыландыру көзделген. Мысалы, танымал балалар телеарналарын (*Nickelodeon, TiJi*) қазақ тілінде тарату жоспарланған.

Үшінші – «Мемлекеттің және азаматтық қоғамның дамуы» бағытында тарихи жетістіктерді, қайырымдылықты, экологиялық мәдениетті насихаттауға бағытталған 27 жоба іске асырылады. Олардың қатарында «Үнем – қоғам қуаты», «Құқықтық мәдениет» жобалары және «Бірге – таза Қазақстан» ұлттық акциясы бар.

Сонымен қатар алдағы уақытта 2021 – 2025 жылдарға арналған «Ұлттық рухани жаңғыру» ұлттық жобасы қабылданады. Жобада тарихи-мәдени мұраны сақтау, қоғамдық сананы жаңғырту, жаңа технологияларды дамыту, мемлекеттік тілді дәріптеу, жастарды қолдау міндеттері қарастырылған.

Осы бағытта жұмыс жалғасуда және ұдайы Үкіметтің бақылауында.

Е. Тоғжанов